



"Алматы Пауэр Консолидейтид" компаниясының бюджеттік борыштары бойынша есептеу жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 2 шілдедегі N 1043

Отын-энергетика кешенінің жұмысын тұрақтандыру және бюджеттік мекемелердің тұтынған жылу және электр энергиясы үшін жинақталып қалған берешектерін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Алматы Пауэр Консолидейтид" компаниясының республикалық бюджет алдындағы жалпы сомасы 201 068 000 (екі жүз бір миллион алпыс сегіз мың) теңге, оның ішінде қосылған құнға салық бойынша 187 752 000 (жүз сексен жеті миллион жеті жүз елу екі мың) теңге және заңды тұлғаларға 13 316 000 (он үш миллион үш жүз он алты мың) теңге табыс салығы берешектеріне есептеу жүргізісін:

аталған сомаларды, қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес, осы компанияға алған жылу және электр энергиясы үшін берешектері бар республикалық бюджеттік мекемелерді қаржыландыру есебіне есепке алсын.

2. Берешектерді есептеу осы сомалар 1997 жылдың 1 жарты жылдығына арналған республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсетіле отырып жүргізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 2 шілдедегі
N 1043 қаулысына
қосымша

"Алматы Пауэр Консолидейтид" компаниясына алған жылу және электр энергиясы үшін берешектері бар, есептеуге қабылданатын республикалық бюджетте тұратын мекемелердің

ТІЗБЕСІ

(мың теңге)

Атауы	Есепке қабылданатын берешектер сомасы		
	Барлығы	оның ішінде	
		электр энергиясы	жылу энергиясы

Ұлттық қауіпсіздік комитеті	3301	1493	1808
Мемлекеттік тергеу комитеті	28898	5948	22950
Ішкі істер министрлігі	1707	1707	
Ішкі істер министрінің қылмыстық-атқару жүйесі департаменті	12222	5738	6484
Ішкі әскерлер	3200	2000	1200
Қорғаныс министрлігі	44155	44155	
Білім және мәдениет министрлігі	75017	13385	61632
Денсаулық сақтау министрлігі	27989	5327	22662
Қаржы министрлігі	310	310	
Экономика және сауда министрлігі	3031		3031
Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі	205	205	
Әділет министрлігі	200		200
Ауыл шаруашылығы министрлігі	833	513	320
Жиынтығы	201068	80781	120287